Адам баласы тәрбиеден бұрын ғылым мен ілімді менгерер болса, онда халқына кесірі тиері сөзсіз. Ата-бабамыздан қалған ұлы сөздің түп төркінің түсінген жүрт ең алдымен баласының тәрбиелі азамат болып өсуін қадағалайды. Әр елдің мінталитеті, салт-санасы мен ой-өрісі әртүрлі. Темірдей тәрбиенің тақыма қысқан қазақ халқы тәрбие, жүйелі сөз, этика түсінігін ерекше бағалайды. Қазақ этикасы – қазақ халқының көнеден сақталып келе жатқан ұлттық әдеп мұрасы мен ондағы адамгершілік, моральдық қасиеттерді зерттейтін үлкен пәлсапалық ғылымы. Осы қазақ этикасы – тәрбиеден бастау алады. Ата-бабамыз баланың үлкенді құрметтеп, кішіге ізетпен қарауды, үлкеннің алдын кеспей, сөзін бөліп алдына шықпауды, айналасындағы дүниеге қамқорлық пен мейіріммен қарауға, өз халқының қорғанышы әрі беделді азаматы болып өсуін ерте жастан қолға алған. Әрі ер бала мен қыз баланың тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп қарастырған. Ер адамды түздің тағысына теңеп, қыз баланы ақылына көркі сай, инабатты, ибалы етіп тәрбиелеуге тырысқан. Ер баланы жастайынан ат үстіне отырғызып, садақ тартқызып, қолына қару ұстаратып белдесуге үйреткен. Досқа адал, дүшпанға қатал болып, елінің ертеңгі болашағының туын еш күмәнсіз тапсыруға дайындаған. Ал қыз бала ертеңгі бесік тербетер ана. Сондықтан қыздарды махабbat пен мейірімге бөлеп, әлпештеп өсірген. Ол ерінің ақылшысы, халқының қалаулысына болатын көркем аруға айналады. Сәбиді бесікті жатқаның өзінде әлдилеп жыр айтып, халық мұрасын, ұлттық тәрбиені құлағына құйып отырған. Кез келген адамның тілі, кәсіби этикасы оның алған тәрбиесіне байланысты. Осы әдеп ұғымына адам бойында моншақтай тізбектелетін барлық асыл қасиеттер жиналады.

Әдеп-инабат, адамгершілік секілді сапалы қасиеттер адамдардың қауымдастып, бейбіт әрі тату болып өмір сүруінің дәнекері іспетті. Бұл асыл қасиеттер халық бойына санғасырлар бойы қанмен тараң, бірлік пен ынтымақта өмір сүруінің реттеушісіне айналады. Қазақ халқының әдебі амандаудан басталатының біз жақсы білеміз. Ең алдымен амандық-саулық сұрасу тәрбие мен имандықтың белгісі. Адамшылық амандаудан басталады дегендей қазақ салтында амандаудың өзіндік ережелері бар. Амандасу – алғаш рет немесе арада біраз уақыт өткеннен кейін көрісіп түрган жақын немесе таныс адамдардың бір біріне деген құрметі әрі ілтираты. Амандасу жарқын шыққан дауыс пен ишара білдіріп, жылы қабақ таныту. Мұсылман халықтары арасында амандасу – әдеп, адамшылдықтың білдірген[1.26]. Мұсылманша амандаусуға «Ассалаумагалейкүм» деп сәлем беріп, ал оған жауап ретінде «Уагалейкүмассалам» деп сәлемін алған. Бұл сөздердің мағынасын ашар болсақ ол «Сізге тынштық тілеймін» дегенді білдіреді. Осы сөзден біз «сәлем» деген сөзді шығаруымызға болады. Сәлем – арабтарда бейбітшілік, тынштық деген ұғымды білдіреді еken. Сәлемдесу елдіктің ынтымақ-бірлікте, халықтың татулықта өмір сүруінің кепілі. Адам баласы қандай заманда болмасын бейбіт, еркіндікте өмір сүруді қалаған. Соның негізінде сәлемдесуді әдеп деп танып, оны иманшылдық, құдайшылық, адамшылдық пен кісліктиң нышаны деп есептеген. Осыдан ақ «Сәлем- сөздің атасы», «сәлемі түзу», «сәлемнен кеткен жоқпыз» деген тіркестердің түп-төркіні адамзаттың тату-тәтті, ынтымақ-бірлікте екенінің нышаны. Бұл ұғымның халық ішіндегі алауыздық пен ағайын-жүрт арасындағы араздықты жоятын үлкен қасиетке ие екенін қазақ халқы жақсы білген[1.27]. Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ат көп деп үлкенге құрмет білдіріп, кішіге ізет көрсетіп сәлем беріп, сәлем алуды ерекше дәстүр санаған. Қазақ халқында амандасу дәстүрін былайша жүргізген: кішілері үлкендерге бірінші болып сәлем беріп, тіл қатып «Армысыз, ата? (әже, ана, аға т.б.)» - деп құрметтін білдірген. Ал үлкендер жағы «Бар бол, балам! (ұлым, қызым, шырағым,

қарағым т.б)» деп ілтипат көрсеткен. Сонымен қатар, халқымыз жақын-жұықпен амандақсанды ең алдымен үй-ішін, мал-жанын сұраған. Мысалы, «Үй-ішініз, мал-жан аманба?»-деп, үй ішіндегі тынышықтпен, мал-жан аманба деп хәл біліскен. Себебі, атабабамыз атам заманнан бері көшпелі мал шаруашылығымен айналысып, үйір-үйір жылқы, отар-отар қой баққан халық. Жылқыны мінсе көлік, сүті сусын, еті азық, ал қойдың жүні киім, өзі ұсақ болса да момын әрі молшылықтың белгісіне балаған[1.26].

Жыраулар поэзиясы да қазақ салт-санасы мен тәлім-тәрбиесінен сыр шерте отырып, адам бойында кездесетін қисынды-қисынсыз міnez-құлқын сипаттай келе, елдік болмысты қалыптастыруды маңызды рөл атқарған. Қазақ жырауларының көшін бастап тұрған, қазақтың жайлы өмір сүруі үшін шұрайлы қоныс іздеғен Асан Қайғының пәлсапалық мұрасы бүгінге дейін құндылығын жоғалтпаған.

Еділ бол да, Жайық бол,

**Ешкімменен ұрыспа.**

...Аса кеш те қоя бер,

**Бұрынғыны құыспа**[2.264]. Бұл өлең жолдарынан Асан жыраудың ұрпақ тәрбиесіне философиялық тұрғыда көңіл бөле келе, қазақ әдебіне «ұрысу», «кеек сақтау» сынды бейәдеп қылыштардың ел арасында орын алмауына үнемі насиҳаттап отырган. Ал келесі шумақта «өтірік», «жалған айту», «алдау» секілді адамдық қасиеттерге кереғар ұғымдар сөз етілген :

**Тәуір көрер кісіңмен**

**Жалған айтып сұыспа.**

Өлетүғын тай үшін

Көшетүғын сай үшін,

Желке териң құрысып,

**Әркімменен ұрыспа**[2.264]. Осы айтылған көнелі сөзден, бүгін жұрт жанталасып жинайтын ақша, материалдық дүние үшін өзге түгіл өз бауырымен ұрысып, бет көріспес болып жаға жыртысу қазақ тәрбиеде үлкен әбестік. «Ата көрген оқ жонар, Шеше көрген тон пішер» деп бекер айтпаған дана халқымыз. Ұлт тәрбиесінде үлкен мен кіші арасындағы сыйластықты бір адамдай ұстаған. Қашанда тәрбиесі темірдей азаматтар біреумен ұрыспақ түгілі сөз айтып, салғыласпаған. Бұл қазақ тәрбиесінің биік шыңы десек артық болмас. Қазақ лингвомәдениеті мен этикасында «кісі» деген ұғым қалыптасқан. Бірінші шумақтағы кісі сөзі ел ішіндегі жақсы қасиеттерді бойына дарыта білген, үлкен де, кіші де үлгі аларлық адамды айтады. Бұл ақын-жыраулардың дискурсына жатады әрі кісі сөзі әдеп сөзін алға тартып айшықтайды. Сонымен қатар «кіслік» деген сөз жалпы қазақ этикасымен бірге мұсылмандық ортамен де тығыз байланысты қолданылады. Бұл түсінік әдеппен тығыз байланысты. Үмбетей жырау осы әдепті болуды әрбір жеке адамның ақыл-ойы, парасатының жоғары болуын бағалайды.

Ұрысқақ болса – келінің жау,

Бәйбішөң аю болса аса алмассын,

**...Мейманга отыңың basы болса сұық,**

**Еліңе жақсы жігіт атапбассың!**[2.265].

Жыраудың осы бір жолдары жалпы қазақ болмысын ашып, әдеп пен тәрбиенің отбасынан басталатыны айтқан. Жоғарыда айтып кеткендей тәрбие ең алдымен отбасынан, үй ішінен басталады. Ата-анасына қарап үл-қызы өседі. Ал жастар еліміздің келешегі. Үй ішінде әйелі ерін сыйламаса, ері жарын құрметтемесе бала осының барлығын көріп қандай ой түйеді. Тіпті, мұндай отбасыға қонақта келмей, үйдің өңі кетеді. Ал қазақ салтында мейманның келіп қонуы жақсы дәстүр саналады.

**Kісіні көрсөң, есікке,**

**Жүгіріп шық кешікпе.**

Қарсы алмасаң мейманды,

Кесір болар нәсіпке[2.263], - деген Үмбетей жыраудың тағы бір жырын тілге тиек етпекпін. Ата-анамыздан «үйге кіслер келіп жатыр»,

«дастарханды дұрыстап жай» деген секілді сөздерді жиі естіміз. Бұның мағынасы да қазақтың тәрбиесімен, әдебімен тығыз байланыста деуге әбден болады. Кісі – біздің халық үшін сыйлы адам, ал үйіне келген мейманды ақ дастарханға жайғастырып, еттен дәм татпайынша шығармаған. Ал асығыс болса, «нан ауыз тиіңіз» деп қонақжайлышын көрсеткен. Бұл әрі дәстүр, әрі мәдениеттің белгісі. Аталы, текті, кісі ұғымдары бір-біріне синонимдес сөздер. Аталы, текті адамдар деп ата-бабасы бар, тәрбие-тағылым көрген адамды айтады.

### *Аталаңың баласы*

**Жабықаның білдірмес**[2.281], - деген өлең жолдарында аталаң яғни, тектіден шыққан ұрпақ намысшыл, елі мен жұртына адал әрі қорған бола білетін, ар мен ұяттан аттамайтын нағыз ер азаматты айтады. Қазақ текті ата, баба, әулие деп бөлген. Әр отбасы өз баласына ата-тегін үйретіп, жаттатқызыған. Тегін білмеген бала, отбасының да, елінің де қадіріне жете түсіндейді. Сондықтан қазақ балаға тәрбие беруде ата-тегін, руын, жеті атасын жаттатқызып, шығу тарихын түсіндіріп отырған. Қазақ қоғамы қалыптасқанда ел басқару ісін текті кісіге тапсыруды жөн деп санаған.

*Талап,*

*Қанагат, рақым*

Бес асыл іс көнсөніз[5.7],

- деген жолдардың өзі ұрпақ тәрбиесіне жеткілікті асыл сөздер. Абай ақын әдеп мәселесін имандылық тақырыбымен ұштастыра отырып қозғаған. Ол қай өлендерінде болмасын адам бойындағы теріс қылықтарды сынға алып, адам ішіндегі ниет, имани қасиеттердің ел болашағының мығым болуына ат салысатын бірден бір қасиеттер деп таниды. Абай заманында орыс отаршылдары белен алғып тұрғанда ел жастары ұлт тәрбиесінен біртіндеп айырылып жатқан уақытта жастарды бір арнаға тоғыстырып, сана-сезімін оятуда Абай өлендері қажеттіліктің бірі болды. Абай өлендерінде адамгершілік қасиеттері яғни, адамдық қасиеттер ерекше суреттелген. Аристотель мен Әл-Фараби секілді адам жақсы өмір сүргісі келсе, онда өз бойына жақсы қасиеттерді жиыстырғаны жөн. Абайдың «Малға достың мұны жоқ, малдан басқа» деген пәлсапалық өлеңінде мынадай жолды кездестіреміз:

### *Үш-ақ нәпсе – адамның қасиеті:*

**Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек** [4.41]. Бұл жерде берілген үш қасиеттің мәні тағылымды. Осы жердегі нұрлы ақыл мен жылы жүрек сөздері Аристотельдің еңбектеріндекездесетін рақымшылдық пен мейірбандық секілді адами қасиеттердің тұрғысында пайдаланылған. Ал нұрлы ақыл ұғымы ізтілік пен рақымшылдық, иманы мен ұтты толық адамның бойынан табылады. Ондай адамдардың жүзі жылы, жүректерінен шапағат шашып, нұрланып тұрады. Келесі жылы жүрек ұғымы ойшыл Әл-Фарабидің «жүрек-ішкі табиги жылдықтың кезі» деген тіркестің тұп төркінінен шықса керек. Абай атамыз жылы жүрек ұғымын өзінің он жетінші қара сөзінде толығырақ ашып көрсетеді. Ол жерде жылы жүректі адам жақсылық жасауга әрдайым дайын, бойында мейірімділік, ізеттілік секілді қасиеттер ұштасып үлкеннен ұтатсақтап, кішіге кішіпейілділік көрсетіп тұрады. Сондай-ақ ақиқат пен әділдік жолын мығым ұстайды делінген.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

**Сонда толық боласың елден бөлек** [1.134]. Бұл жолардар менің жоғарыда жазған түсінігімді толықтай сипаттап тұр. Адам бойына осы үш қасиеттерді тоғыстыра білсе толық адамға айналады. Абайдың толық адам деп қолданып отырған сөзі барлық иғі адами қасиеттердің жиынтығы.

Журналис әрі ақын Ертай Ашықбавтың әдеп тақырыбына негізделген бірнеше өлең шумақтарын мысалға алмақпын. «Әдеппен сөйлем әдеттен» тақырыбындағы шағын өлеңі теориялық бөлімде қозғаған әдеп ұғымының мәнін ашады.

*Улкенге сіз деп иіліп,*

*Сыйласаң, ол да сүйініп,*

Мактайды жақсы бала деп,

Жақсыда ақыл-сана көп.

### **Әрқашан озба әдептөн:**

**Әдеппен сөйле әдептөн**[1]. Осындай қысқа ғана өлең шумақтары әдеп түсінігін кеңірек ашып, қарапайым сөздермен түсіндіріп тұр. Әдепті сақтай білу инабаттылықта жол ашады. Әдеп-инабаттылық нормаларының құндылығы түскенде, ел ішінде көрегенді, парасатты, ақыл-ойлы, саналы ұрпақ тәрбиелеуге, ұлттық игілікке айналдыруға айтартылғатай кері әсерін береді. Курстық жұмыстың негізгі тақырыбы да әдеп ұғымымен ұштасып жатыр. Қазақ ғылымында этика сөзін қазақ тіліне баламалап әдеп деп қолданып жүр. Әдеп – ұлкенді сыйласп, құрметтеумен қатар, дұрыс сөлей білу есебінде де жүзеге асады. Қазақ этикасының бастауы – тәрбие. Әл-Фараби бабамыздың тәрбиесіз берілген білім, азамзатқан ұлкен кесір әкеледі демекші қазақ халқы да баланы жастанынан өзін әдепті ұстауға, тәртіпті болуға, дұрыс әрі орынды сөйлеу әдебіне үйреткен. Қазақ халқы баланы үят болады, обал болады, жаман болады деген үш сөзben тиып отырған. Сонда бала ұлкенге қарсы шығуға, жолын кесіп, бейәдеп, дөрекі сөздер айтуға ұялып, қадірлеудің не екенін үгады. Обал деп асты ысырап етпеуге, нанды және басқа да тағам түрлерін аяқ асты етпеуге, табиғат пен ондағы тіршілік иелерін қадірлей біледі. Ал орынсыз іс әрекеттер жаман болып есептеледі. Осынау үш тиым сөз қазақтың ұлыларын тәрбиелеп парасатты, дана әрі дара тұлғаға айналдырған.

Жоғарыда мысалға келтірілген ақын, жыраулар үзінділері қазақ тәрбиесінің, этикасының, жүйелі дұрыс сөйлей білудің негізгі екендігі анық. Қай салада болмасын ұлттық тәрбие көріп өскен жан дұрыс жолдан таймасы, кәсіби этиканы сақтайдыны белгілі. Сайып келгенде, ұлттық тәрбие, қазақ этикасы сонау жыраулар заманынан даму тарихы осы күнге дейін жалғасып келе жатыр. Қазақтілді бұқаралық акпарат құралдарының этикалық ерекшеліктері мен лингвистикалық басқа да айырмашылықтарын салыстырмалы-тарихи түрғыдан айқындау қазіргі таңдағы отандық тілтанушылар қауымының негізгі міндеттерінің бірі деп есептейміз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Әдептану: Адамгершілік құқық сабактары. 4-басылым, 2003. -288 бет.7
2. «Қазақ этикасы және эстетикасы». Жиырма томдық. 12-том.

Астана: Аударма, 2007. -455 б. 8

3. Абай лугаты. Мырзахметұлы М. –Алматы: «Өнер-21 ғасыр» қоғамдық қоры, 2014. -130-бет. 23
4. Абай Құнанбаев. Шығармалары, -Алматы: Мер, 1994 26
5. Р.С.Жақсылықбаева. Журналист этикасы / оқу құралы. Алматы «Қазақ университеті», 2013,-232 бет.

УДК 070

## **ПРОБЛЕМА МАНИПУЛЯТИВНОГО ВОЗДЕЙСТВИЯ В СОВРЕМЕННОМ ПОНЯТИИ**

*Бекмухамбетов Е.К, Журналистика, КРУ имени Ахмета Байтурсынова, Институт экономики и права, г.Костанай*

*Научный руководитель: Шурентаев А.М, доктор PhD, ЕНУ имени Гумилева, г.Астана*

*Проблема манипулятивного воздействия с середины прошлого века является одним из основных вопросов, обсуждаемых в современных исследованиях в различных областях знания. Изначально феномен манипуляции изучали в рамках наук, занимающихся вопросами взаимоотношения людей в обществе, в дальнейшем в зависимости от выбора объекта, предмета, методов и, главное, научной направленности исследования ученые из*

*специализированных отраслей знания стали по-разному трактовать и рассматривать данное явление.*

Манипуляция неоднократно становилась предметом научных исследований в философии, психологии, политологии, социологии, лингвистики, журналистики и маркетинге. В рамках каждой из наук выявлялись основные характеристики, признаки, способы, средства и приемы, присущие манипулятивному воздействию. Формальное закрепление результаты научных изысканий получили в работах Б. Н. Бессонова, С. И. Виноградова, Л. Войтасика, В. П. Даниленко, Е. В. Доценко, Ю. А. Ермакова, О. С. Иссерса, С. Г. Кара - Мурза, В. И. Максимова, И. А. Стернина, А. М. Цуладзе, В. П. Шейнова, R. Harris, P. Hofer, L. Proto, J. Rudinow и многих других российских и зарубежных авторов, специализирующихся в разных областях знания.

Исследования данного явления до сих пор не потеряли своей актуальности в научной среде. Но, несмотря на активное и довольно длительное изучение указанной проблематики, не существует единого общепризнанного определения «манипуляции», наблюдается плюрализм мнений в этом вопросе. Г. И. Колесникова замечает: «ученые, исследующие манипуляцию, расходясь в трактовках этого феномена, сходятся в двух параметрах, отличающих манипуляцию от всех иных воздействий, - скрытый, тайный характер воздействия и отсутствие учета интереса другой стороны, то есть общение происходит исключительно из корыстных мотивов» [1, 2].

Е.В. Сидоренко формулирует определение манипуляции как «преднамеренное и скрытое побуждение другого человека к переживанию определенных состояний, принятию решений и выполнению действий, необходимых для достижения инициатором своих собственных целей» [3]. Таким образом, определение манипуляции здесь касается не только мотивационной сферы манипулируемого, а также когнитивной и поведенческой, при этом также подчеркивается процессуальные характеристики манипулирования.

Г.А. Ковалев относит манипуляцию к одной из трех (наряду с «императивной» и «развивающей») стратегий психологического воздействия на человека. При этом В.Н. Сагатовский описывает манипуляцию, как специфический вид общения, при котором «один субъект рассматривает другого как средство или помеху по отношению к проекту своей деятельности, как объект особого рода («говорящее орудие»)». Е.Л. Доценко также полагает, что манипуляция — это отношение к партнеру по взаимодействию как к «вещи особого рода» — тенденция к игнорированию его интересов и намерений. Воздействие скрытое, с опорой на автоматизмы и стереотипы, с привлечением более сложного опосредованного давления[4].

Под признаками манипуляции понимаются её сущностные характеристики, которые позволяют отличать данный вид воздействия от других. К ним можно отнести:

1. скрытый характер - является тайной, манипулируемый не должен узнат о недобросовестных намерениях адресанта, в противных случаях, акция сворачивается. Как замечает Г. Шиллер «Для достижения успеха манипуляция должна оставаться незаметной. Успех манипуляции гарантирован, когда манипулируемый верит, что всё происходящее естественно и неизбежно» [5];

2. междисциплинарность - осуществляется по средствам психологических и лингвистических способов воздействия как совместно, так и раздельно;

3. специализированность знаний - предполагает овладение конкретными знаниями и умениями;

4. конкретная целевая направленность - создаётся для достижения определённого результата;

5. наличие корыстного умысла - манипулятор сознательно занимается манипулятивным воздействием на выгодных для себя условиях в ожидании необходимого результата;

6. неравноценный результат выражается в определённых отрицательных последствиях для манипулируемого и положительных для манипулятора;

7. ненасильственный характер - рассматриваемое явление исключает физическое насилие, принуждение во исполнение заданной цели;

8. законность и ненаказуемость предполагает свободное легитимное использование способов и средств манипуляции без наступления юридической ответственности за совершение данной деятельности;

9. мнимая самостоятельность заключается в сохранении ощущения единоличного принятия решения манипулируемым.

Структуру манипуляции образуют четыре элемента: 1) субъект; 2) объект; 3) предмет; 4) результат.

Субъектом является манипулятор - лицо, производящее манипулятивное воздействие с целью достижения положительного для себя результата.

Э. Шостром в своей работе «Анти - Карнеги, или Человек - манипулятор» представил следующую классификацию манипуляторов:

а) активный манипулятор с философией главенствовать и властвовать, пытающийся управлять другими с помощью активных методов и боящийся продемонстрировать свою слабость;

б) пассивный - противоположность первому, притворяющийся беспомощным и глупым, и выигрывающий, терпя поражение, манипулирует другими, позволяя работать и думать за него;

в) соревнующийся тип - смесь первого и второго, для него жизнь - турнир из побед и поражений, где окружающие его люди - соперники, а сам он - всегда готовый к сражению боец;

г) безразличный тип - несмотря на кажущееся отстранение, стремление оградиться от контактов, глубоко заинтересован в исходе манипулятивной борьбы.

Для анализа процесса манипуляции Е.Л. Доценко предлагает схему, состоящую из четырех пунктов:

1) основной действующий агент — то, что запускает работу психических механизмов (внедряемый образ, мотив, убеждение);

2) способы побуждения — средства мотивационного переключения (подключения) жертвы манипуляции (особый тип, стратегия поведения, речи);

3) мишени — те психические структуры, изменение которых обеспечивает достижение желанной манипулятором цели (образы, мотивы, ценности и т.п.);

3) автоматизмы, которые задействованы в данном виде побуждения — схема передачи энергии воздействия от агента к мишени, «струны души», на которых играет манипулятор[4].

Информационное воздействие - это эффективный инструмент политического и экономического доминирования.

Некоторые текстовые приемы в СМИ позволяют управлять сознанием на основе смены понятий. Так из текста стараются исключить всю негативную лексику, например, такие слова «жертва», «война», «уничтожение», «гибель». И далее по тексту вводятся слова с положительной или нейтральной окраской, например, «умиротворение», «конфликт», «нейтрализация», «локация», «спорная ситуация». Таким образом, аудитория знакомится с искусственной информацией.

В результате манипулирование СМИ, направленное на потребителя, приобретает самые разнообразные формы, пронизывает многочисленные сферы социальной и политической деятельности. С одной стороны, в рамках общества социальная и политическая реальность предопределяется преимущественно теми образами, которые потребитель получает о соответствующих событиях из СМИ. С другой стороны, внимание СМИ к тем или иным социально-политическим событиям предстает следствием повышенного интереса потребителей к этим событиям.

Исследователи культуры СМИ концентрируют внимание в том числе на тех факторах прямого неявного воздействия сообщения, которые нацелены на то, чтобы предопределить ментальное и физическое поведение потребителей массмедиийной продукции и, в конечном

счете, реализацию функции убеждения СМИ1. Функция воздействия у СМИ становится главной, отодвигая на вторые места другие функции, даже информационную [6]. Все информационные сообщения начинают подчиняться политическим целям, большую роль играют «концентрированные целенаправленные сгустки информационной агрессии, которые обеспечивают выполнение ... политически крупных социальных, идеологических и прочих (военных очень часто) задач» [7]. В последнее время эта тенденция усиливается и приобретает постоянный характер.

Ввиду этого мы становимся свидетелями того, как средства массовой информации играют деструктивную роль - обостряют политические конфликты, создают негативные стереотипы. Скрытое воздействие на аудиторию становится более явным и со временем приобретает агрессивные формы. И ведь не случайно в конце 20 века в русском языке появилось понятие «информационная война», которое вошло не только в политическую лексику. Начинается открытое обсуждение технологий давления на противника с помощью информационного воздействия. С этого времени в СМИ часто употребляется военная лексика.

В теории журналистики убеждение интерпретируется как долгосрочный процесс, действие или активность, направленные на внедрение в сознание массовой аудитории определенных символических образов . Актуальной задачей при этом является «смещение» массовой аудитории с позиции неведения и апатичности к заранее запрограммированным действенным знаниям и гражданской активности. Манипулирование как определенный вид дискурса СМИ предполагает использование разнообразных данных и информации с единственной целью, заключающейся в том, чтобы направить внимание массовой аудитории [7].

Так как война - это прежде всего агрессия, то в данной ситуации можно говорить об информационной или медийной агрессии. В СМИ агрессия чаще всего проявляется двумя способами: в отношении к референту (эффективная агрессия) и в отношении к адресату (когнитивная агрессия). В связи с этим агрессию в медийном дискурсе можно определить как выражение явной неприязни, враждебности к референту и целенаправленном воздействии на сознание адресата для идеологического подчинения [8] . Также возможно вторжение в когнитивное пространство адресата, в результате этого происходит навязывания адресату негативного отношения к референту высказывания [9].

Прежде всего информационная агрессия направлена на собственное общество: его убеждают в наличии врага, с которым необходимо вступить в борьбу. Это не удивительно, так как от того, что транслируют информационные каналы, зависит оценка народа.

В связи с этим давление на массовое сознание людей со стороны власти приобретает больший агрессивный характер и работает как посредством манипулирования, так и через открытое убеждение, которое в конечном итоге подчинено целям манипуляции общественным сознанием. Как считает С.Г. Кара-Мурза: человечество стоит на пороге создания такого типа общественного жизнеустройства, где манипуляция сознанием становится главным средством господства [1].

Итак, манипулирование массовым сознанием - это подчинение, когда политические силы доминируют и стремятся навязать обществу определенные мнения для того, чтобы получить одобрение по отношению к своим действиям.

#### **Список использованных источников:**

1. Кара - Мурза С. Г. Манипуляция сознанием. М., 2011.
2. Колесникова Г. И. Манипуляции: техники успешного общения. Ростов н/Д, 2011.
3. Сидоренко, Е.В. Тренинг влияния и противостояния влиянию. - М., 2002. -С. 22.
4. Доценко Е. Л. Психология манипуляции: феномены, механизмы и защита, 1997.
5. Шиллер Г. Манипуляторы сознанием. - М.: Мысль, 1980. с.42.
6. Катенева М.Г. Механизмы и языковые средства манипуляции в текстах СМИ, 2010.

7. Информационные войны в современном мире: материалы международной конференции, Москва, 2 октября 2008 года.
8. Озюменко В.И. Медийный дискурс в ситуации информационной войны: от манипуляции - к агрессии, 2017.
9. Воронцова Т.А. Речевая агрессия в коммуникативно-дискурсивной парадигме, 2006. № 1. С. 83—86.

# МЕДИАОБРАЗОВАНИЕ В КОНТЕКСТЕ ВЫЗОВОВ ИНФОРМАЦИОННОГО ОБЩЕСТВА

УДК 81'42(075.8)

## АБАЙ ШЫГАРМАЛАРЫНДАГЫ «ТОЛЫҚ АДАМ» КОНЦЕПТИ

Байкадамова Асель Серикказыевна, 2 курс, 7M02301 Қазақ филологиясы, Экономика және құқық институты, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қаласы

Ғылыми жетекші: Досова Алма Төлегенқызы, Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының профессорының м.а., филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Мақала Абай шыгармаларындағы «толық адам» ұғымының мәнін ашып көрсетуге арналған. «Атымды адам қойған соң, қайтіп наған болайын» деп, адам атына терең мән беріп, жоғары талап қойған Абай өз шыгармаларында адамның жаратылышы мен өсін-жетілуін, адам болу жолы мен адамдықтан шыгаратын жасаман істерді атап көрсетеді. Сөйтін, өз халқының бала тәрбиесіндегі қателіктерін аша отырып, баланы шын мәнінде Адам болу үшін қалай тәрбиелеу керектігін, қандай мақсаттар қою керектігін өлеңдері мен қарасөздерінде жан-жақты ашып көрсетіп отырган. Одан ері дәндишпан ақын адамның «толық адам» болу мәселесін алдыға тартып, шыгармаларында оған бұл өзекті ойын гуманистік тұрғыдан күллі адамзаттық деңгейге көтереді.

**Толық адам** (араб. «инсан-и камил» – толық адам немесе кемел адам) – ақыл-ойы толысқан кісі. Діни ілімде толық адам – кісілікке жат қылыштардан әбден арылып тазарған, ішкі жан-дүниесі ағарып, рухани қасиеті артқан, мұлтіксіздіктің қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған асыл адам. Толық адамның әрбір іс-әрекеті Алла тағалаға арналады. Ол – адасқандар үшін темірқазықтай жол көрсетуші, жолда қалғандар үшін – көпір, үміті үзілгендер үшін – ашылар есік [1].

Толық адам ұғымы қазақ әдебиетінде кітаби ақындар мен Абайдан бастап сөз болып келеді. Бұл ұғымның арғы төркіні Жүсіп Баласағұнідің «Құтты білік» дастаны мен сопылық сарындағы туындылардан тамыр тартады. Сопылық сарындағы поэзияда Толық адам ұғымы екі таным түрғысынан бір-біріне тығыз байланыста жырланады. Бұл құбылыс, әсіресе, «Құдатғы білік» дастанында өзінің айқын белгісін аңғартып, ондағы Күнтуды (Әділет), Айтоды (Дәулет), Оғдұлміш (Ақыл) үшеуі, яғни Әділет, Дәулет, Ақыл осы өмірге қызмет етуге ұмтылған толық адам бейнесінде жырланады. Толық адам туралы ой Абай шыгармаларында толық адам, жарым адам, камили инсани, кемел адам сөздері арқылы жүйелі түрде жауәнмәртілік (көне түрк тілінде zomard – жомарт немесе ақыл) ілімі негізінде таратылып отырады [2].

Абай қазақтардың кешегісі мен бүгінін, болашағын, олардың мінез- құлқын, салт-дәстүрлері мен рухани мәдениетін, оқу-білімін, жастарға адамгершілік тәрбие беру жолдарын тынымсыз ойлаумен өтті. Бір сөзben айтқанда, бүгінгі уақыттың түсініктерімен зерделеп айтқанда, хакімнің ой барысы қазақтың менталитеті қандай, оған тән кемшіліктерді қалай жоюға болады, не істеу керек ол үшін? Әсіресе, өмірінің соңында дүниеге келген **«Қара сөздеріндегі»** ой желісі осы мәселелер маңында түйінделеді. Адамгершілік, **толық адам** туралы ойлар үшінші, бесінші, алтынши, тогызыныши, он сегізінші, жиырма үшінші, жиырма жетінші, жиырма сегізінші, отыз алтынши, отыз жетінші, отыз сегізінші, қырық екінші, қырық төртінші сөздерінде жан-жақты сарапталады. Әрбір ұлттың ұлылығы өздеріне тән жағымсыз жақтарын жасырмай, аяусыз сынап, көрсете алатындығында деген пікір бар. Абай қазақ халқын басқа халықтардан, ұлыстардан кем деп санаған емес, керісінше халқының озық ойлы, озық мәдениетті елдер санатына қосылып, олардан да асып түссө екен

деп арманнадады. Осы арман үшін өмірін сарп етті. Өз халқының аяулы ұлы ретінде өз заманында орын алған қаракетсіздікке, жалқаулыққа қарсы аянбай құресті.

«Адам баласына адам баласының бәрі - дос. Не үшін десең, дүниеде жүргенде тууың, өсуің, тоюың, ашыгуың, қайғың, қазаң, дene бітімің, шықкан жерің, бармақ жерің бәрі бірдей, ахиретке қарай өлуің, көрге кіруің, шіруің махшарда сұрауың бірдей, еki дүниенің қайғысына, пәлесіне қаупың, еki дүниенің жақсылығына рахатың бәрі бірдей екен. Бес күндік өмірің бар ма, жоқ па?... Біріңе бірің қонақ екенсің, біреудің білгендігіне білместігін таластырып, біреудің бағына, малына күңдестік қылып, я көрсекізарлық қылып көз алартыспақ лайық па?» [3, 189 б.]. Дананың бұл пікірі дүниежүзі тарихындағы **толық адам** мәселесі, **адам** теңдігі жайлыш аса маңызды ойлар қалдырған Сократ, Сенека, Канттардың қағидаларынан, ар ілімінің императивтерінен артық түспесе кем түспейді.

Мысалы, Сенеканың құл мен қожайынның тенденциялай жайлыш айтқан мынадай әңгімесі бар. Өзінің бір досына қонақта барғанда былай дейді: «Мен сенің үйінде болған кіслерден естідім, сен өзінің құлдарыңмен достық қарым-қатынас жасайды екенсің. Бұл ісің сенің адамгершілігіңе, біліміңе сай қылық. Тағдыр адамды бір жағдайда мырза қылады, басқа бір жағдайда құлга айналдырады. Ойлансан құл деп тұрган адамың да дәл сен сияқты жолмен жарық дүниеге келді, сен сияқты ауа жұтады, өседі, өлеңді. Ортақ аспан, ортақ жер. Соңда сенің нең бөлек, ерекше. Ал құлдыққа келсек, адамың бәрі құл. Біреу нәпсінің құллы, біреу сараңдықтың құллы, тағы біреу мансаптың құллы, ал адамың бәрі қорқыныш пен үміттің құллы. Сондықтан сенің құлдарыңа дұрыс көзқараста болғаныңды мен құптаімын». Әрине бұл да дәлелдері мінсіз керемет түсінік. Бірақ Абайдың ойлау құдіреті одан да жоғары. Бұл жерде біржакты таптарды ғана үйлестіру, келісімге келтіру шарт емес. Абай ұлт пен ұлттың, нәсіл мен нәсілдің, ел мен елдің достығын, тенденциялай тиек етіп отыр. «**Адамшылық**» қағидасын жалау қылып көтеретін себебі де, адамзаттың баласы бол, біреуді орыс, біреуді ногай, біреуді сарт деп күлме, өзінді ешкімнен артық санама, ғылымиң, өнерін, жақсы қасиеттерін үйрен, жаман қасиеттерінен жириен, адамзаттың барлық асыл қазынасын өз жаныңа азық қылсаң ғана **Кемел адам** атын қабылдауға негіз бар дегендік.

Абай адамдықтың биік деңгейін иманмен өлшеген. Өзінің қарасөздерінде «Толық мұсылман болмай – толық адам болмайды» деп, кесіп айтқан. Адамың ақыл-ой, сезім, дene бітімі жағынан хайуандардан артықшылығы адамға деген құдайдың аса зор махаббатынан деп білген Абай адамың жаратылысына үлкен мән берген. Өзінің 38-қара сөзінде: «*Гақлия дәлелім: құдайтагала бұл ғаламды ақыл жетіспейтін келісіммен жаратқан, онан басқа бірінен бірі пайда алатұғын етіп жаратты. Жансыз жаратқандарынан пайда алатұғын жсан иесін хайуанды жаратып, жанды хайуандардан ақылды инсанды жаратыпты...*» - дей келіп, жаратушының адамды ерекше артық әрі махаббатпен жаратқанына оқырманның көзін жеткізеді де, адамға үлкен міндет жүктейді. Яғни, жаратушы сені барлық жағынан (дene, көрік, ақыл, сезім) артық етіп, ерекше жаратқан. Сен жаратушының саған берген артықшылығын, сыйын пайдалан, адам деген атқа лайық бол. «*Адам еki аяғынан тік басып, тік өсіп, дүниені тегіс көрмекке лайықсың*» - десе, 27 сөзінде, «*Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдең, ең болмаса дәлелін білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң ол жсан адам жсаны болмай, хайуан жсаны болады*», - дейді 7-сөзінде. Бұл алынған дәйектемелерден шығатын қорытынды Абай адам болып жаратылған соң надан болуға қақың жоқ, егер надан болсаң, хайуан болғаның деп адамға жоғары талап қояды.

Діни тұрғыдан да, этикалық-интеллектуалдық тұрғыдан да адамзаттың бәрі пайғамбар, әулие, хаким деңгейіне жете бермейді. Толық адамдыққа ұмтылу әрбір адамың парызы. Толық мұсылман мен толық адамың арасында айырмашылық бар ма, бар болса қандай айырмашылық? Абай 38-ші қарасөздінде жіктейтін Адамның ғылыми және Алланың ғылыми деген тұжырымдар бар. Толық адам осы еki гылым саласына қанық, eki гылым саласында қатар алып жүретін, оларды өзінің адамгершілік қалыбын, iшкі иманын жетілдіру үшін тұтыннатын болса керек. Толық мұсылман адамың ғылымина гөрі, алланың ғылымина ден қойған, сол бағытты терең ұстанған иман жолындағы адамға айтылса

керек. Абайдың толық адамының ерекшелігі жоғарыда айтқан ғылым түрлерін мәңгеріп, ішкі иманын арттырып қана қоймай, әлеуметтік мәселелерде адамзат қоғамының бейбіт те бақытты, әділетті өмір сұруі үшін тер төгетін, елінің, ұлтының қамын ойлайтын күрескер, азамат болуы қажет. Ел тұрмысына, экономикасына, өндірісіне қызмет етіп, адамзат тұрмысының әділетті түрде дамуына қолғабыс ететін қайраткер тұлға. Кәсіппен шұғылдану, кәсіпті игеру, ғылыми жетістік пен кәсіпті үштастырып, адамзат иглілігіне мүмкіндік тудыру, адамдар арасындағы қарым-қатынастарда құқықтық теңдікті, әділеттілікті сақтау, насиҳаттау сынды сүбелі компоненттер ақынның *толық адам* туралы талабын, танымын кеңейте түседі. Абайдың толық адамы ғылымды игерген, иманды, кәсіппен шұғылданған, қарым-қатынаста әділеттілікті ұсанған тұлға ғана емес, моральдық-этикалық тазалықпен қатар, өнер мен мәдениетке, әдебиетке жақын, жанын сыршыл сезімталдықпен тазарта біletін, жаны мөлдіреген таза сезімдерге толы, сұлулықта құмар, сұлулықты аңсайтын, адами іңкәр сезімдерді ұлықтап сақтайтын тұлға. Санамалап отырсақ, Абай толық адам идеясын керемет моральдық-эстетикалық, азаматтық қасиеттермен жетілдіре білген. Абайдың толық адамы *кешенді, симбиоз, синтетикалық тұлға*. Адамзат өркениетіндегі барлық игі қасиеттер: *дін, иман, ғылым, білім, тәрбие, құқық, іскерлік, тапқырлық, қайраткерлік, азаматтық, өнерпаздық, эстетизм, т.б.* бойында жетілдіре білген, дамытқан адам - Абай ұсынған *толық адам* концепциясы. Терен ұнілсек, өмірде осындай адам болуы мүмкін бе, қажет пе деген сауалдар туындастындар. Алла тағала хауас арқылы бұл барлық қасиеттерді адам бойында бар етіп жаратты, қайсысы жибили, қайсысы кәсіби ақын оны да ажыратып береді [4, 214 б.].

Сол Алла тағала әр адамның бойында бар етіп жаратқан қасиеттерді дамыту, тәрбиелеу, жетілдіру әр адамның өзіндік міндеті. Абайдың ойынша кез-келген адам адам болып жаратылып дүниеге келген соң, *адам* болуға, *толық адам* болуға ұмтылуы, тырысуы керек және оның ең басты міндеті.

Абайдың діни танымының ғылымилығы және ақиқилығы оның білімдарлығымен, еңбеккорлығымен, ізденімпаздығымен түсіндірілсе керек. Оның сопылық туралы пікірлері де ғылыми дұрыс талданған пікір болып есептеледі. Теориялық сопылық пен практикалық сопылықтың мықты және осал тұстарын дәп басып көрсетуі, қазіргі таңдағы көзқарастардың да қандай бағытта дамуы керектігін анықтап беретіндей.

Өмір мақсатының терең сыры Абай тәрізді ұлы ғұламалардың қалырған мұраларынан табылады. Мәселе соны дұрыс түсініп, қабылдай білуде. Абай да «*Сәулең болса кеудеңде, мына сөзге көңіл бөл*» деп айтқан сөздерінің маңыздылығын әркім түсінсін дегендей, жүрекке жеткізе қадап айтып кеткен. Абай қарапайым адам болмағандықтан, оның сөздері женіл оймен айтылмайды. Оның әрбір сөзі қорғасындағы салмақты және терең мағиналды. Сондықтан оған толық сеніп, оның сөздерін бар ықыласымызben қабылдау абзал болмақ.

Ойшыл тұжырымы бойынша негізгі мақсатқа жету жолы – Аллаға деген сүйіспеншілік. Бұл туралы Абай былай жазады:

*Махаббатпен жаратқан адамзатты,  
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.  
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,  
Және хақ жосы осы деп әділетті* [5, 214 б.]

Бұл шумақтан, Абайдың өзі жазып отырғандай, иманның үш асылын көреміз. Бұлар - өмірдің негізгі мәнін білдіретін тұжырымдар. Олардың біріншісі, «Алла тағала адамзатты махаббатпен жаратқан». Екіншісі, сол себепті, «Ол Алланы сенің де сүюің және жаннан тәтті сүюің керектігі». Үшіншісі, «адамзаттың бәрін сүй бауырым деп және Хақ жолы осы деп әділетті».

«*Алланың өзі де рас, сөзі де рас*» атты концептуалды өлеңінде үш сую идеясын айта келе:

*Руза, намаз, зекет, хаж - талассыз іс,  
Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс.  
Бастапқы үшті бекітпей, соңғы төртті  
Қылғанменен татымды бермес жеміс*, - [5, 112 б.]

деп діни таным мен сенім мәселесін де сүю, ішкі иман, мейірімділік, әділеттілік мәселелерін алдыңғы қатарға қоюы көп жәйті аңғартса керек. Қазіргі қоғамымызда, әсіресе, жастар арасында діннің ішкі мазмұнына, философиясына емес, сыртқы түріне көп көңіл қоюшылық тенденциясы орын алғып отыр. Dana Абайдың сөздерінен бұл көкейтесті мәселелердің де жауабын естисіз: «*Сіздің батыныңыз таза болмағы дүелі иман болып, бұл заңири гибадаттыңыз иманды болған соң гана, парыз болған, сіздің заңириңыздагы гибадат - батыныңыздагы иманың көлеңкесі, һәм сол иманың нұрланып тұрмажыңа көрік ушін бұйырылған. Оның ушін ғұламалар иман екеу емес, біреу, бірақ ізгі тағатпенен нұрланады, тағат жсоқ болса, күңгірттенеді, бәлки сөну хаупі де бар деген. Егер надандар ол гибадаттың ішкі сырын ескермей қылса, соны қылыш жүріп, иманы сөнер деген. Менің хаупім бар, олар хас осы гибадат екен, құданың бізге бұйырғаны, біз осыны қылсақ, мұсылмандық кәміл болады екен деп ойлайды. Ол гибадат күзетшісі еді. Жә, күзетші күзеткен нәрсенің амандығын ойламай, бір гана ояу тұрмажың қасд қылса, ол не күзет? Күзеткен нәрсесі қайда кетеді? Мақсат күзетілген нәрсенің амандығы, тазалығы емес пе?*» [5, 208 б.]

Өскелең жастарымыздың құлағына хақ дініміз ислам Абайдай хакимнің трактовкасымен, интерпретациясымен ұғындырылып жатса, қоғамымыз кемел адамды, яғни толық адамды қалыптастыруда жеміске жетер еді.

Өмір шындығын табу арқылы Абай жеке басының шындығына да жетті. Жүргінің түбіндегі тұнып жатқан тұнғиық сырлардың пердесін ашып, нұр беріп, өзінің де рухани міндетін анықтады. Өзі кім, мақсаты не, елі кім, оған өзінің немен борышты екендігін айқындағы. Осы жолға бар өмірін салып, белсене іске кірісті. Абайдың бізге түсіндіргісі келген мәселесі «адамның өмірі адаммен». Осының салдарынан дүниенің тұтқасын Толық адам концепциясымен ұштастырып, мұны жан-жақты түсінген, қарастырған ойшыл. Оның ілімінде күңгірт жағынан гөрі сәулелі жағы басым. Сондықтан бізге Абай сол үшін қымбат, сол үшін қадірлі, сол үшін де ол мәңгі жасайды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1.«Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. IV том [Мәтін].-энциклопедия. - Алматы: «[Казак энциклопедиясы](#)», 1998 – 600 б..
- 2.Абай. Шығармалар жинағы. [Мәтін]: жинақ/ Абай.- Алматы: Жазушы, 1986.-800 б.
3. Абай. Қара сөз. [Мәтін]: жинақ / Абай. - Алматы: Жазушы, 1993.- 750 б.
- 4.Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. [Мәтін]: жинақ. - Алматы: Жазушы, 1995.- 900 б.
5. Омаров Д. Абайтану. [Мәтін]: оқу құралы/ Д. Омаров.- Алматы: Мектеп, 2002. – 350 б.

**УДК 070**

### **ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ТАНЫМДЫҚ МӘНІ**

*Дүйсенбі Әсель Қанатқызы*

*1 курс магистранты, қазақ филологиясы. Чужинов атындағы экономика және құқық институты. А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті.*

*Қайыпбаева Айжамал*

*филология ғылымдарының кандидаты, профессордың м.а.*

*А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті Қазақстан, Қостанай қ.  
Мнайдарова Замзагуль Тулебергеновна.*

*КГУ Комплекс 'Балабақша-мектеп -гимназиясы 46 "*

*Қазақ тілі пәнінің мұғалімі, методист*

Жеке тұлғаның қарым-қатынасы адамның тіршілік бейнесі. Ол адамның дүниетануында, мәдени өмірінде, түрмис салтында күнделікті қажеттіліктерін қанағаттандрудағы адамға тән табиғи қасиет.

Қатынас жасау, өзге ұлт өкілдерімен тіл табысу - әрбір адамның өмір тәжірибесіне, біліміне, тапқырлығы мен ақыл - ойна, парасатына байланысты жүзеге асып отыратын қажеттілігі. Тіл табысып өзгелермен қатынас орнату әрбір адамның өзіндік талғам тілегін, ықылас - ынтасын жалпы адамға деген адами көзқарасын жете түсінуді талап етеді. Қарым – қатынас нәтижесінде адамның тұлғалық қасиеті, өзгелерге деген қамқорлығы мен жанашырлығы сезімі, ізгі көзқарасы қалыптасады. Тіршілік ортасы мен өмір сұрудің сан алуан сырларын біліп, жеке басының қадір – қасиетін арттырады. Тұлғаны дамыта оқыту мәселесін зерттеген В.В.Давыдовтың пікірі бойынша жеке тұлға дегеніміз-жаңа материалдық және рухани өнімді өндіруші әрекет субъектісі. Осылай өнімді өндіру шығармашылық болып табылады [1]. Қарым-қатынас күрделі шығармашылық әрекет.

Л.С.Рубинштейн «дамудың негізі себептердің ішкі жағдайға байланысты әрекетінде. Сондықтан өзіндік белсенділік балада /оқыту, ішкі жағдай/ туындаушы емес, бастапқы болады. Бастапқы болып қалатындар осы ішкі әсерлер, нормативтік қоғамдық үлгілер т.б., бірақ олар жанама түрде адамның барлық өмірінде ішкі жағдайлардың тұтас жүйесіне/ тұқым қуалау, өмірлік тәжірибе/ және адам тұлғалығына басымдық танытады. Яғни, қандай да болын ішкі себептердің әрекеттесуі дамудың ішкі негізіне байланысты» болатынын көрсетеді [2].

Қарым – қатынас мәнін анықтауда оның функционалдық және деңгейлік ұйымдасуы жайлы зерттеулердің маңызы ерекше (Б.Д.Парыгин, Г.М.Андреева, А.А.Бодолев, А.А.Брудный, А.А.Леонтьев, Б.Ф.Ломов, Л.А.Карпенко, В.Н.Панферов, Е.Ф.Тарасов, Я.Яноушек және т.б.) [3]. В.Н.Панферов қарым – қатынасты: байланыс, өзара әрекет, таным, өзара қатынас деп бөліп, осыған сәйкес қарым – қатынасты зерттеуде: коммуникативтік, ақпараттық, гностикалық және реттеушілік бағыттарды ұсынған.

Қарым-қатынастың құрылымы мен атқаратын функциясының күрделілігі қарым-қатынастың өзара байланысты үш жағынан байқалады. Олар:

- ақпараттық (немесе коммуникативтік), қарым-қатынасқа түсетін адамдар арасында ақпарат алмасу жүреді;
- өзара әрекеттесу (немесе интерактивтік) қарым-қатынас жасаушылардың білім, идея, жай-күй ғана емес әрекет алмасуларымен ерекшеленеді.
- түсінісу (немесе перцептивтік), қарым-қатынастағы серікtestердің бір-бірін қабылдауы, бағалауы және түсінуі болып табылады.

Коммуникативті жағы- ақпарат алмасуда, интерактивті – қарым – қатынас серіктерінің қарым – қатынасының таңбалық жүйелерін кодтау, өзара әрекеттерін реттеуде, перцептивті - әңгімелесуашіні салыстыру, сәйкестендіру, апперцепция, рефлексия сияқты механизмдердің көмегімен «оку» кезінде бір-бірімен байланысты жүзеге асырылады.

Қарым қатынас – а) Бірігіп әрекет ету қажеттілігінен туындаитын, құрамына ақпарат алмасу, өзара әрекеттесудің біртұтас стратегиясын жасау, өзге адамды қабылдау және түсіну, адамдар арасындағы байланыстың орнауы мен дамуының күрделі, көп мақсатты процесі; б) Субъекттердің белгілілік құралдармен жүзеге асырылатын, бірігіп әрекет ету қажеттілігінен туындаған және серікtesінің жай-күйін, мінез-құлқы мен тұлғалық-маңыздылық құрылымын өзгертуге бағытталған өзара әрекеттесуі.

Қарым-қатынаста бірінің әрекеті екіншісінің әрекетіне бейімделуіне қол жететін кемінде екі адамның әлеуметтік коммуникациясының не қарым-қатынасының формасы - әлеуметтік әрекеттестік болып табылады. Тұлға диспозициясы – әрекеттің белгілі бір жағдайлары және осы жағдайлардағы белгілі бір мінез-құлқыты қабылдауға деген бейімділіктердің жүйесі.

Әлеуметтік институт – адамдар бірігіп әрекет етуін ұйымдастырудың тарихи қалыптасқан, тұрақты формалары. Өмір салты – адамның тарихи нақты әлеуметтік қатынастары типтік болып табылатын өмір сұру формасы. Фактілік қатынас –

коммуникативтік құралдарды тек қатынас процесін қолдау мақсатында ғана пайдаланатын қатынас.

Әлеуметтік-психологиялық біліктілік – индивидтің өзін қоршаған адамдармен тұлғааралық қатынастар жүйесінде тиімді әрекеттесе алу қабілеті.

Формасы мен түрі жағынан қарым-қатынас алуан түрлі. Психологтар тікелей және түспалдық, тұра және жанама, вербалды (сөзбен) және бейвербалды т.б. қарым-қатынас түрлерін көрсетеді.

Психикалық процестер, адам мінез-құлқының қалыптары мен ерекшеліктері дәл осы қарым-қатынаста туынтайтынын түсініктерін анықтауды, іске асады және танылады.

Өзінің міндеті бойынша қарым-қатынас көп функциялы. Оның мынадай негізгі функциясын бөліп көрсетуге болады [4]:

1. *Прагматикалық функция* адамдардың біріккен іс-әрекеті процесінде өзара әрекеттесуде жүзеге асады. М:-Осынынымыз дұрыс болар, сірә, қалай ойлайсыз, бір нәтиже шығатын сияқты.

2. Қарым-қатынастың қалыптастыруышы функциясы адамның тұлға ретінде даму және қалыптасу процесінде танылады. Үлкендермен қарым-қатынас жасамастан ешкім қазіргідей бола алмас еді. М: Ой, бәрекелді, жігіт екенсің, айналайын, осы бетіңнен тайма!

Даму барысында бала мен үлкен адамның сыртқы қарым-қатынас формалары ішкі жоспарға айналады.

3. *Растай функциясы*. Біз өзге адамдармен қарым-қатынас жасағанда ғана өзімізді өзіміздің алдымында танып, түсініп, растай аламыз. Өз құндылығының мойындалатындығына көз жеткізу үшін адам өзге адамдардың қолдауын іздегендеге осы функция көрінеді. Уильям Джеймс өзі адам үшін «қогамда өзімен өзі қалдырылып, мұлдем ескерусіз қалғаннан артық жаза жоқ». Кейде психологтар бұл жағдайда «расталмау» деп атайды. М: Ой, соны қойшы, ол бір жүрген әңгүдік.

4. *Тұлғааралық қатынастарды ұйымдастыру және қолдау функциясы*. Кез-келген адамның қарым-қатынасы өзге адамдарды бағалаумен және белгілі бір – жағымды немесе жағымсыз эмоциялық қатынасты орнатумен байланысты. Тіпті бір адамның өзіне әр түрлі жағдайда біз түрліше қатынас жасаймыз.

5. *Тұлға ішіндегі қарым-қатынас формасы*. Өз-өзімен жүргізетін диалогтың негізінде адам белгілі бір шешімдер қабылданап, маңызды әрекеттерге барады. Мұндай «ішкі» қарым-қатынасты адам ойлауының әмбебап тәсілі ретінде қарастыруға болады. Психологияда қарым-қатынастың негізгі үш типі: манипуляциялық, императивті және диалогтық көрсетеді.

A. *Императивтік қарым-қатынас*, кейде өктемшіл немесе директивті деп атайды. Ол қарым-қатынастағы серіктестерінің бірі екіншісінің мінез-құлқы мен ойын бақылауға, қандай-да бір іс-әрекетке итермелеге талпынуымен ерекшеленеді. Бұл жағдайда қарым-қатынастағы серікtes басқаруды қажет ететін машина сияқты, жансыз объект ретінде қарастырылады; ол пассив, «ырықсыз» жақ болады. Императивті қарым-қатынас құралы ретінде бұйрықтар, нұсқаулар, ережелер, талаптар, қорқыту және сол сияқтылар қолданылады.

Дегенмен кей мамандықтарда қарым-қатынастың бұл түрі өте тиімді қолданылады. Бұған: барлық әскери уставпен анықталған, әскердегі қатынас; талқылауға уақыт жоқ, ал кез келген кідіру орны толмайтын шығындарға алып келетін төтенше жағдайлардағы барлық жұмыс түрлері. Бірақ императивтің қолданылуы орынсыз болатында салаларды көрсетуге де болады. Ол достар, жұбайлар арасындағы қарым-қатынас, бала – ата-ана, сондай-ақ педагогтік қатынастардың бүкіл жүйесі.

